

"Орман ресурстары және орман шаруашылығы" мамандығының

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ

1. Бағдарламаның аналитикалық негіздемесі. Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер. «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандығының білім беру бағдарламалары әртүрлі орман шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарында зерттеу және басқару қызметін жүзеге асыру үшін орман шаруашылығы саласында теориялық және практикалық жеке дайындығының жоғары деңгейлі **бакалавр** - мамандарын даярлауға; ғылыми және практикалық мәселелерді тұжырымдауға және шешуге, зерттеуге, басқаруға, оқытушылық қызметті жүзеге асыруға қабілетті, азаматтық ұстанымы бар кәсіби мәдениет деңгейі жоғары **магистр** - мамандар; **PhD докторлар** – орман шаруашылығы саласында әртүрлі орман шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарында зерттеу және басқару қызметін жүзеге асыру үшін теориялық және практикалық жеке даярлығының жоғары деңгейі бар; жоғары және орта мектептерде сабақ беруге дайын кәсіби мәдениет деңгейі жоғары мамандар даярлауға бағытталған. Бакалавриаттың, магистратураның және PhD докторантураның білім беру бағдарламалары ұлттық біліктілік шеңберіне және кәсіби стандарттарға сәйкес әзірленген, Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген.

2. Даму жоспарының негізгі мақсаттары. «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандығының білім беру бағдарламасын дамыту жоспары жұмыс берушілердің сұраныстары негізінде әзірленген. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының негізгі мақсаты білім беру және тәрбие үдерісінде құзыреттілік тәсілді енгізу негізінде өзін-өзі дамытатын және өзін-өзі іске асыратын тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін білім беру ортасын құру болып табылады.

3. ББ дамыту жоспарының негізгі міндеттері:

1. Қазіргі заманғы талаптарға және практика талаптарына сәйкес келетін білім деңгейін қамтамасыз ету.
2. Инновациялық білім беру ортасын құру.
3. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды жетілдіру.
4. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне ББ бағыттау.
5. Орман ресурстары мен орман шаруашылығы саласында қажетті білім көлемін алуды қамтамасыз ету.

№	Іс-шаралар	Іске асыру мерзімі
1	Әлеуетті жұмыс берушілердің пікірін ескере отырып, ББ жетілдіру	2018-2021 жж.
2	Үш тілде Жаңа ОӘЖ, компьютерлік бағдарламалар әзірлеу	2018-2021 жж.
3	Шет тілін меңгерген ПОҚ санын арттыру	2018-2021 жж.
4	Оқу аудиторияларын жабдықтау	2018-2021 жж.
5	Шаруашылық жүргізуші субъектілермен ғылыми жобалар мен шарттар санын ұлғайту	2018-2021 жж.
6	Көптілді топ ашу	2020 ж.
7	Түркияның Кастамон университетімен ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша қос дипломды білім беру бағдарламасын әзірлеу 2019-2021	2019-2021 жж.
8	Thomson Reuters, Scopus және Springer базаларына енген журналдарда, импакт-факторлы ғылыми журналдарда ғылыми мақалаларды жариялау 2018-2021	2018-2021 жж.
9	Дуалды оқытуды дамыту	2018-2021 жж.
10	Университеттің ПОҚ, студенттер, магистранттар, PhD докторанттарының академиялық ұтқырлығы	2019-2021 жж.
11	Алыс және жақын шетелдерден дәріс оқу, семинарлар өткізу үшін жетекші ғалымдарды тарту.	2018-2021 жж.
12	ПОҚ, оның ішінде кафедраның жас ғалымдарының халықаралық және республикалық ғылыми тағылымдамалары	2018-2021 жж.
13	ҚР ЖОО арасындағы ұлттық мамандықтар рейтингінде жүлделі орындар	2018-2021 жж.
14	Республикалық пәндік олимпиадаларда, ҚР БҒМ конкурстарында үздік студенттік жұмыстарға жүлделі орындар	2018-2021 жж.
15	Бітірушілерді жұмысқа орналастыру мониторингі	2018-2021 жж.
16	Магистранттардың өндірістік практикадан және зерттеу практикасынан өту туралы келісім-шарт жасау	2018-2021 жж.

Агрономия факультетінің деканы

«Орман ресурстары және орман шаруашылығы» кафедрасының меңгерушісі

Г.Ж.Стыбаев

Д.Н.Сарсекова